

ХАТТАМАСЫ

18.05.2023 ж

№4


Жаңақорған кенті.

ҚАТЫСҚАНДАР: Емдеу және алдын алу ұйымдарының басшылары, бөлім меңгерушілері, аурухана заңгері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Сыбайлас жемқорлық - қоғамның өзекті мәселесі.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес, Экономикалық сұрақтар жөніндегі бас дәрігердің орынбасары М.Жұбаниязов хабарлама жасап, жемқорлық - қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүлдеге пайдалану. Жемқорлық өте қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық жұмыс жүргізу жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік беретінін айтты. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Тарихы тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем коғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің Республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды. Сыбайлас жемқорлық әрекеттердің және түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында әрбір қызметшіге жұмысқа қабылданған күннен бастап құқықтары мен негізгі міндеттері, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы түсіндіріледі Жиналыс соңында Экономикалық сұрақтар жөніндегі бас дәрігердің орынбасары М.Жұбаниязов кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын жағдайларды алдып алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептерге жол бермеуді қатан тапсырды.

Жиналыс төрағасы:



М.Жұбаниязов

Хатшы:



Ж.Ашимов